

**Қазығұрт аудандық орталық ауруханасы» ШЖҚ МКК-да
сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау
жүргізу туралы талдамалық анықтама**

Қазығұрт ауданы

05.07.2024 жыл

Кіріспе бөлім:

**1. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау (бұдан әрі –
Ішкі талдау) жүргізу негіздеме:**

Қазақстан Республикасы «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» 2015 жылғы 18 қарашадағы №410-V Заңының 8-бабының 5-тармағына;

«Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі (Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет) Төрағасының 2023 жылғы 16 ақпандағы № 21 бұйрығы негізінде;

Қазығұрт аудандық орталық ауруханасының 16.04.2024 жылғы №247-н/қ санды «Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу туралы» бұйрығы.

Қазығұрт аудандық орталық ауруханасының барлық бөлімдеріне сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу мерзімі 17.05-28.06.2024 ж.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізетін жұмысшы топ құрамы:

- 1) Д.Тугельбаев – басшының медициналық қызмет сапасын бақылау жөніндегі орынбасары;
- 2) Г.Пазылбаева – сарапшы;
- 3) Н.Турлыбаев – кадр бөлімінің басшысы;
- 4) Н.Сматилла – Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау инженері;
- 5) А.Тұрғынбаев – бас есепші.

Ішкі талдау жасау барысында шектеу немесе кедергі жасау:

Ішкі талдау жүргізу кезінде кедергі жасау немесе шектеу болмады.

Персоналдарды басқару, соның ішінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне шалдыққан лауазымдардың тізбесін анықтау.

Мемлекеттік орган ержесіне сәйкес, Қазығұрт аудандық орталық ауруханасының қызметіне және оған байланысты нормативті - құқықтық актілерге тисті мына қызмет талданды:

Шығарылған бұйрық, хаттама, анықтама, акт, кіріс-шығыс хат рәсімдеулері Қазақстан Республикасы Үкіметінің «Мемлекеттік және мемлекеттік емес ұйымдарда құжаттама жасау, құжаттаманы басқару және

электрондық құжат айналымы жүйелерін пайдалану қағидаларын бекіту туралы» 2018 жылғы 31 қазандағы №703 қаулының талаптары туралы Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18 қарашадағы №410-V ЗРК «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңы туралы.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдаудың бағыты.

- 1) Қазығұрт аудандық орталық ауруханасының қызметін реттейтін заңнамалардағы сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау;
- 2) Персоналды басқару, мүдделер қақтығысын реттеу, мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері бойынша талдау объектісі қызметіндегі сыбайлас қауіптерін анықтау.

Ішкі талдау мерзімі: 17.05-28.06.2024 ж.

Ішкі талдау жүргізілетін кезең: 2023жыл – 2024 жылдың маусым аралығы.

1. Қазығұрт аудандық орталық ауруханасының қызметін қозғайтын нормативтік құқықтық актілерде және сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасауға ықпал ететін дискрециялық өкілеттік пен нормаларды анықтау:

2. Персоналды басқару, соның ішінде кадрлардың ауысуы:

Денсаулық сақтау қызметкерлерін жұмысқа алу (оның ішінде жұмысқа орналасу кезінде сыбайлас жемқорлық тәуекелі жоғары орта буында медициналық қызметкерлер) адал, әділ және ашық негізде <https://www.enbek.kz/ru> порталына хабарландыру ілу арқылы жүзеге асырылады.

Барлық қызметкерлер біліктілік талаптарына сай қызмет атқарып келеді.

Жұмысшы топ Қазығұрт аудандық орталық ауруханасының қызметкерлерінің арасында туыстық немесе басқада қатынастары бар немесе жоқтығы бойынша ішкі талдау жұмыстарын жүргізді. Нәтижесінде теріс өкілеттіктер мен сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін тудыратын бұзушылықтар орын алмаған.

Қазығұрт аудандық орталық ауруханасының басшысы мен орынбасарлары азаматтарды жеке мәселелермен қабылдау күндерінің кестесі бекітілген және сол бекітілген кестеге сай қабылдау жүргізілуде.

Ықтимал сыбайлас жемқорлық тәуекелдері:

- 1) Еңбек шартын жасасу үшін қажетті құжаттар тізбесінде көзделмеген құжаттардың талаптарында көрінетін бұзушылықтар;
- 2) Мамандар сертификатының қолданылу мерзімінің аяқталуы;

«Мүдделер қақтығысы» бойынша:

Мүдделер қақтығысы түріндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін тудыратын фактілер анықталған жоқ. Осы тәуекелді талдау туындағын мүдделер қақтығысы туралы немесе оның туындау мүмкіндігі туралы адамдардан басшының атына хабарлама жоқ екенін көрсетеді. Сондай-ақ, мүдделер қақтығысының пайда болу қаупі жақын туыстардың жұмысы жағдайында болуы мүмкін, бұл жеке мүдделер мен олардың лауазымдық

өкілеттіктері арасындағы қайшылықтарға әкелуі мүмкін. Талдау көрсеткендей, кәсіпорында басшының жақын туыс қызметкерлері жоқ.

Барлық қызметкерлер біліктілік талаптарына сай қызмет атқарады.

Келіп түскен арыз-шағымдар өз мерзіміне сәйкес уақытылы қаралып, арыз иелеріне жауап беріледі.

<https://eotinish.kz/> порталы арқылы арыз-шағымдар қаралу уақытына сәйкес уақытылы қаралып, арыз иелеріне жауап берілді.

3. Мемлекеттік сатып алу:

Кәсіпорын ҚР ДСМ бұйрықтарына сәйкес мемлекеттік қызметтердің бірнеше түрін (бұдан әрі-мемлекеттік қызметтер) көрсетеді.

Ықтимал сыбайлас жемқорлық тәуекелдері:

Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер нәтижелері, құжаттарды рәсімдеу бойынша ескертулер жоқ. Көрсетілетін қызметті берушінің шешімдеріне немесе әрекетсіздігіне шағымдану бойынша өтініштер болған жоқ.

Қорытынды:

1. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бойынша жұмысты күшейту және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылда белсенділік пен қырағылық таныту.
2. Мекеме қызметкерлеріне тәртіптік шара көрер алдын талап хат толтырылмаған.
3. «Мемлекеттік сатып алу» порталы арқылы алынған тауарларды қабылдап алуды комиссия мүшелері жүргізбеген және хаттама толтырылмаған. Бұл өз кезегінде тапсырыс беруші мен жеткізу арасында сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін тудыруы мүмкін.
4. Мекеме қызметкерлері бұйрықтармен тек ішінара таныстырылған.
5. Мекеме бұйрықтарында Қазақстан Республикасының Еңбек Кодексінің заңнама талаптары сақталмаған

Жұмыс тобы мүшелері:

Д.Тугельбаев

Г.Пазылбаева

Н.Турлыбаев

Н.Сматилла

А.Тұрғынбаев

